

Кушмуханов Женис Сериковичтің 6D120200 – Ветеринариялық санитария мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Мия тамырының экстрактісі пайдаланылған құс етін ветеринарлық-санитарлық бағалау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ ШҚІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу. Құс шаруашылығындағы басты мәселелердің бірі – құс еті мен құс етінен дайындалатын өнімдердің сапасын арттыру, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету. Құс еті және құс етінен дайындалатын өнімдердің сапасын арттыруда ветеринарлық-санитарлық сараптау жүргізудің орны ерекше. Гигиеналық талаптарды қатаң сақтаумен жүргізілген ветеринарлық-санитарлық шаралар, зерттеу жұмыстары тұтынушыларды тағамдық құнарлылығы және биологиялық құндылығы жоғары өнімдермен қамтамасыз етіп, адамдарды құс өнімдерінен жұғатын аурулардан сақтандыруға мүмкіндік береді.

Осыған орай құстарды сапалы азықпен азықтандыру арқылы олардың өнімділігін арттыру, жоғары сапалы, тағамдық құндылығы мол өнім алу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналғандығы сөзсіз. Тағы бір айта кетер жәйт елімізде өндірілген құс өнімдермен қоса шетелден сауда орындарына келіп түсетін құс өнімдері де аз емес. Шетелден әкелінген құс өнімдерінің қандай азықпен азықтандырылғанын, сойған кезде ветеринарлық-санитарлық шаралардың дұрыс жүргізілгендігін, сақтау, тасымалдау шарттарының сақталуын және де адами факторлардың әсерін ескеру қажет.

Көптеген ғалымдар өздерінің зерттеу нәтижелерінде фитоадаптоген мия тамырының экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсіз екендігін зерттеген. (В.М. Куликов, В.В. Саломатин, 1993; В.И. Левахин, И.Ф. Горлов, 2000)

Ғылыми деректерге сүйенсек А.Д. Дарбаев (1998) ауыл шаруашылығы малдары соның ішінде сиыр мен бұзауларға мия тамырының сығындысын (экстракт) қолданған. Ол сиырлардың өнімділігі мен репродуктивтік қасиетінің артатындығын, сүттің биологиялық құндылығы жоғарылайтынын және төлдердің өсуі мен дамуына оңтайлы әсерін тигізетіні туралы жазған.

И.А. Лыкасова (2000) жүргізген зерттеу жұмыстарында мия тамырын қолданған кездегі жануарлар мен құстардың ағзасындағы ауыр металлдардың және хлорорганикалық пестицидтердің мөлшерінің төмендейтіндігін анықтаған.

Көп жылдық зерттеу нәтижелерін талдау арқылы жергілікті мия тамырының қоспасымен ауыл шаруашылығы құстарын азықтандыру әдістемелері, оның тиімді мөлшерін анықтау, ет сапасына тигізетін әсері толық зерттелінбегендігін көруге болады және бұл мәселе малдәрігерлік ғылым мен практиканың бүгінгі күнгі өзекті мәселесі болып табылады деп қорытынды жасай аламыз.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес, докторант мия тамыры экстрактасының құс етінің сапасына тигізетін әсерін анықтады. Сонымен қатар бөдене етінің сапасының ветеринариялық-санитариялық көрсеткіштерін, қауіпсіздігіне зерттеулер жүргізді, оның ішінде еттің химиялық және минералды құрамына әсерін егжей-тегжейлі сипаттады. Докторант ветеринариялық-санитариялық сараптаманың жалпы қабылданған әдістері бойынша бөдене етіне органолептикалық, физика-химиялық биохимиялық, қанының биохимиялық көрсеткіштеріне зерттеулер жүргізді.

Диссертациялық жұмыста құсты ветеринариялық-санитариялық бағалау, оның химиялық құрамын, сондай-ақ мия тамырының ет сапасына әсері, бойынша әдебиеттерге шолу жасалынған.

Докторант Ж.С. Кушмуханов мия тамыры экстрактісінің әсерінен бөдене етінің органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерін, тағамдық құндылығы мен минералды элементтерінің сандық көрсеткіштеріне әсерін, қанының биохимиялық көрсеткіштеріне әсерін анықтады. Осылайша, әдістемелік тұрғыдан жеткілікті көлемдегі дұрыс ұйымдастырылған зерттеулер докторант Ж.С. Кушмухановқа дұрыс нәтижелер алуға мүмкіндік берді және де дұрыс негізделген тұжырымдар мен қорытындылар жасалды.

Диссертациялық жұмыс Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтына қарасты «Ветеринарлық санитарлық сараптау» зертханасы мен «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми өндірістік орталығында, ЖШС «Нутритест» сынау зертханасында және жергілікті құс өсіретін ЖК «Амангалиев», ЖК «Кубаев» құс фермаларында жүргізілді.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми әдістемелік ережелер.

Докторант өз диссертациясында БҚО құс шаруашылығындағы бөденелерге мия тамыры экстрактасын пайдаланғанда, қан құрамына әсерін, сондай-ақ етінің сапасына әсерін анықтады және бөденеге ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бөдененің органолептикалық көрсеткіштері анықталып, бөдене етінің физикалық-химиялық көрсеткіштері зерттелді. Бөдене етінің химиялық құрамы: аминқышқылдарының мөлшері, минералдық құрамы, май қышқылдары мөлшері, витаминдер мөлшері мен тағамдық құндылығы анықталды.

Докторант алған ғылыми нәтижелер. Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелерін ветеринариялық-санитариялық сараптама, бөдене етінің химиялық және физиологиялық-химиялық зерттеу бойынша оқу үрдісінде пайдалануға болады.

Жүргізілген тәжірибелік зерттеу жұмыстары құс шаруашылығында, ветеринарлық-санитарлық сараптау зертханаларында мия тамыры экстрактісі қосылған азықты бөдене өсімін жоғарылату және оның тағамдық және биологиялық құндылығын, сондай-ақ бөдене етінің минералды құрамын арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін екенін көрсетеді.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Зерттеу нәтижелері бойынша 5 мақала шықты соның ішінде: 1 мақала – жоғары импакт факторлы журналда, 2 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда және 3 мақала Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне кіретін ғылыми журналдарда жарияланды.

Докторанттың жеке үлесі. Ұсынылған диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше орындап, аяқтаған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады және PhD дәрежесін алу үшін диссертациялар жөніндегі комитеттің талаптарына толық сәйкес келеді.

Докторанттың зерттеуші ретінде сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі. Алынған ғылыми зерттеу тәжірибесі докторантқа қолданбалы зерттеулерді одан әрі жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік беріп, докторанттың ғылыми қызметкер ретінде сапасы артты. Сонымен қатар, ғылыми зерттеуі бойынша және ғылым жолында жасаған жұмысы бойынша зерттеулер мен сараптамаларды жасау барысында тәжірибесінің мол екендігін байқағты.

Қорытынды. Докторант Ж.С. Кушмуханов қойылған мақсатқа сәйкес, нәтижелері ветеринария ғылымы үшін теориялық және практикалық маңызы бар барлық зерттеу міндеттерін орындады деп санаймын. Осы диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертациясына қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Докторант Ж.С. Кушмуханов «Мия тамырының экстрактісі пайдаланылған құс етін ветеринарлық-санитарлық бағалау» тақырыбында дайындаған диссертациясы қойылған талаптарға сай орындалған және PhD дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
«Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының қауымдастырылған профессоры,
ветеринария ғылымдарының кандидаты

Б.Е. Нурғалиев

Ғылыми кеңесші

Б.Е. Нурғалиевтің

қолын растаймын



Ғалым хатшы:

С.М. Баянтасова



« 29 » 08 2024 ж.

